

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылының 2-жартыжылдығында жас мамандармен бойынша атқарылған жұмыстың есебі

Қаңтар айында бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары Кусаинова С.З мектептің жас мамандарына «Пәндік олимпиадаларға дайындық және оқушыларды зерттеушілік жұмыстарға баулу» тақырыбында семинар-практикум өткізді. Семинар барысында мектептік ғылыми қоғамы шеңберінде оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру жөнінде және пәндік олимпиадаларға дайындау барысындағы ұстанымдар бойынша бағыт-бағдар берді.



Ақпан айында мектептің педагог-психологі Какимжанова Д.Ш. «Педагогикалық жағдайлар» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында сынып пен оқушының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрастырудың негіздері, сабақтағы қиын жағдай және одан шығу жолы, суицидтің алдын алу мәселелерді жас мамандармен бірлесіп талқылады.



Наурыз айында «Оқушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижесін бағалау» тақырыбында «Жалын»шығармашылық тобының жетекшісі Кожахметова Р.З. мен тәлімгер-педагог Онгарбай Ж. мектептің жас педагогтерімен семинар-практикум өткізді. Семинар барысында жас мамандар әр түрлі мазмұндағы шығармаларды бағалау нормалары мен критерийлері туралы, бақылау жұмыстарын жүргізудің, бағалаудың және талдаудың мазмұны мен әдістемесі бойынша, оқушыларға өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау әдістерін үйрету жөнінде білімдерін кеңейтті.



Сәуір-мамыр айларында ««Бүгінгі жас маман – болашақ білікті ұстаз» тақырыбында жас мамандардың онкүндігі, өткізген сабақтарына өзіндік талдау, тәлімгер мұғалімдердің ұсыныстары және жас мамандардың шығармашылық есебі өткізілді.

